



**Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою
қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 маусымда № 32856 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 11-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес БҮЙҮРДІМДЕСІН:

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Архив, күжаттама және кітап ісі комитеті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жуктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

A. Оралов

Мәдениет және спорт министри

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
2023 жылғы 8 маусымынан
№ 137 бұйрығымен бекітіледі

**Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын,
Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Занына (бұдан әрі-Конституциялық Зан) сәйкес әзірленді және ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою тәртібі

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жоюды Конституциялық заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түні, Мемлекеттік Елтаңбасы міндетті түрде орналастырылатын (орнатылатын, көтерілетін) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тұрақты жұмыс істейтін комиссиялары жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасына қойылатын нысандардың, мөлшердің және техникалық талаптардың бұзылуы ұлттық стандарттарға сәйкес келмеушілік болып табылады.

4. Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін ауыстыруды және жоюды осы Қағидаларда көзделген тәртіппен ғимараттардың (үй-жайлардың) иелері өздерінің еркі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін тігуді жүзеге асырады.

5. Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Түнін, Мемлекеттік Елтаңбасын жою оларды қайта қолдану мүмкіндігін болдырмау мақсатында өртеу, балқыту, 2,5 шаршы сантиметрден аспайтын мөлшерде майдалап бөлшектеу, ұсақтау, қалыпсыз массага немесе ұнтақ күйге айналдыру жолымен жүргізіледі.